

4. Асарбаев А.К., Агадилов А.Е. Педагогические основы профессионально-прикладной физической подготовки // Труды Международной научно-практической конференции «Теория и практика физической культуры и спорта» - Алматы: ННПЦФК, 2006. - С. 186-188.

5. Закирьянов К., Иванов Г., Ордабаев Н., Жаксылыков М. Профессионально-педагогическая и прикладная физическая подготовка студентов: учебно-методическое пособие. - Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 1998.-112 с.

6. Агаділов Ә. Е., Деңгелбаев Б.Ш. Өз еркімен жүргізілетін сабақтардың мазмұны мен әдістері // Тәрбие құралы. - 2005. - №5. -55-56 б.

7. Амосов П.М. Раздумья о здоровье. - М.: Физкульткра и спорт, 1987ж. -64 бет.

\*\*\*

*Создание резерва кадров является одна из основ физического воспитания. Основной целью физического воспитания является подготовка физически здорового, качественного профессионального специалиста*

\*\*\*

*Creation of a reserve of shots is one of physical training bases. A physical training main objective is preparation of physically healthy, qualitative professional expert*

ӘОЖ 37.01:371.03 (574)

*Исатаев М.И.*

*магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

## **ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ**

Қазақстан Республикасы мемлекетінің қажеттілігінен туындап отырған демократиялық реформалар мен қоғамдық өмірді ізгілендіру жұмыстары елдегі этносаралық тұрақтылық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және қазіргі қоғамға сай халықтардың этникалық қайта жаңғыруы жағдайында халықтық педагогиканың, халықтық сананың рөлі артып келеді. Халықтық педагогиканың мәселесін шешу – оның әдістемелік негізі мен айқындалған мақсат-міндетіне, халықтық салт-дәстүрлердің мазмұнына тікелей байланысты. Осы мәселені қазіргі заманға сай оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде тәжірибеге алу педагог-тәжірибешілерден, ғалымдардан, білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдардан жаңа идеялар мен күш-жігерді талап етіп отыр.

Орталық Азия халықтарының тарихи, ғылыми және мәдени өмірінен сыр шертетін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегін осы тұрғыда айрықша атап өтуге болады. Бұл еңбек – мазмұны жағынан да, әдістемелік жағынан да біздің тарихымызды тереңірек тануға, мәдениетін зерттеуге үлкен негіз болып отыр. Елбасының кітабында халықтық менталитеттің маңызды трилогиясы орын алады. Олар: тіл, тарихи жады және мәдениет.

Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-ғайыр даланы, Жайық атырабынан Алатау шыңы аралығын мекендеген қазақ халқы ғасырлар тереңіне бойлайтын бай рухани мұраға ие. Ұлы дала перзенті атанған қазақ халқы - байырғы кезден бастап өзінің жер аумағына айнымас тілі мен мәдениетіне ие халық. Бұл қасиетті далада қазақ халқының ұлы ғұламасы, данышпан Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген.

Қазақ халқының фольклоры да ерекше бай. Бұнда халықтық педагогиканың және көшпенділер психологиясының ажырамас белгілері мен ұлттық нышаны айқын көрініс тапқан. Ондаған ғасырларға созылған араб, моңғол, жоңғар шапқыншылықтары қаймағы бұзылмаған көне қазақ өркениетін ойрандады.

Қатыгездікпен қырып-жоюға ұшыраған бір ғана Отырардың күйреу тарихына қарасақ, осынау өркениетте өмір сүрген халықтың ұлттық рухын, намысын көруге болады. Қазақ халқы қанша қиындықтарға қарамастан өзінің мәдениетін, тілін, ділін аман сақтай білді. Алғашқы дала философтарының бірі – Асан Қайғының сөздері мен толғаулары ауыздан-ауызға тарап, бес ғасырды артқа тастап, бізге дейін жетті. Бұл - тағы бір қазақ халқының этнопсихологиялық ерекшелігінің бірі.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз даму жылдарының ішінде қазақ халқының дәстүрлі мәдени құндылықтарын зерттеу мен тануға қоғамның назары ерекше өсті. Мәдени құндылықтар – ұлттың әлеуметтік жағдайын, өнерін, рухани беріктігін, менталитетін, қоғамдық идеалдарын, бір сөзбен айтқанда халық тұрмысының барлық тұстарын қамтиды.

Салт-дәстүрлер әлеуметтік өмірдің құбылыстарынан, қоғамдық көзқарастардың, мәдени ерекшеліктердің және табиғи-географиялық орта мен тұрмыстың негізінде қалыптасқан. Олардың сақталуы, қалпына келтірілуі және кейінгі ұрпақтарға берілуі қоғамның зердесі арқылы жүзеге асырылған. Дәстүрлер - сан жылдар бойы қалыптасқан адамдардың еңбегі мен қоғамдық қызметінің нәтижесі. Ол халықтың этникалық келбетін бейнелеп, өзін-өзі ұстай білуге бағыттайтын ұлттық ерекшелік болып табылады.

Халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеу ғылыми-теориялық және қолданбалы негізге ие тарихи көмекші құрал болып саналады. Әдет-ғұрыптардың, тұрмыстың, дәстүрдің ерекшеліктері халықтың тарихынан сыр шертетін ерекше белгілері. Сондықтан да қазақ халқының тәуелсіздік жылдары тарихи, мәдени, ғұрыптық және дәстүрлі қайта жаңаруы орынды құбылыс. Ол басқа халықтар үшін де ерекше мәнге ие болуда. Қазақстан бүгінгі таңда әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың, діни наным-сенімдері бөлек басқа да тұрғылықты халықтардың нағыз Отанына айналды. Олардың басын біріктіріп отырған Қазақстанның тарихи тағдыры, ешкім де немқұрайлы қарай алмайтын достығы мен ұлтаралық, конфессияаралық келісімі болып табылады. Өз ұлтының мәдениетін сыйлай білетін адам ғана басқа халықтардың мәдениетін танып, оны құрметтей алады. Өзара сыйластыққа негізделген түсіністік пен рухани әлем ел бейбітшілігінің кепілі.

Қазақстан Республикасын 130-дан астам ұлттар мекен етеді. Әрқайсысының өзіне тән мәдениеті, дәстүрлері мен ырым-тыйымдары, ән-би өнері және фольклоры бар. Аталған халықтардың өнерлері мен дәстүрлері бір арнаға тоғысып, біртұтас қазақстандық мәдениетті қалыптастыруға өз үлестерін қосып келеді. Бұл – елдің тыныштығы мен халықтар достығының кепіліне айналып отырған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының жемісі. Біздің баға жетпес байлығымыз да Қазақстанның бейбітшілігі мен тұрақтылығы болмақ.

Тәрбие берудің қажеттілігі адамзаттың пайда болуымен бірге қалыптасқан құбылыс. Аға буын өкілдері кейінгі ұрпаққа жинақтаған өмірлік тәжірибесін сіңіруге тиісті болған және жас буынды өз халқының тағдыры үшін белсенді қызмет етуге тәрбиелеген. Жылдар бойы қалыптасқан өмірлік тәжірибенің нәтижесінде бала тәрбиесін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру арқылы халықтың педагогикалық ойлауы да қатар дамыды. Әр халықтың педагогикалық мәдениеттілігінің айғағы - тәрбие беруді біртұтас үрдіс ретінде жүйелі жүзеге асыруы болып табылады.

Жалпы мәдениет теориясын, оның тарихын жасау педагогикалық мәдениеттің негізгі жақтарының бірі тәрбие берудің шынайы тарихын қайта жаңғыртусыз мүмкін емес.

Қоғамның экономикалық өмірі мен рухани өмірін жалғастырушы көпір – тәрбие беру үрдісі.

Елдегі педагогикалық ойлаудың жетістігі, бұқараның педагогикалық білімділігі, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің жағдайы, азаматтардың жеке педагогикалық мәдениеті - халықтың педагогикалық мәдениеттің жиынтығы болып

табылады. Сондықтан да халықтық педагогиканың гүлденуіне елдегі демократиялық тұрақтылық әр кез оңтайлы жағдай туғызады. Қоғамның қолдауынан туындаған шығармашылық бастамашылдық пен бұқаралық белсенділік педагогикалық салаға да өз ықпалын тигізуде.

Педагогикалық мәдениеттің гүлдену шағында халықтық тәрбие беру дәстүріне баса назар аударылуы қажет. Халықтық педагогика тәрбие беру мәдениетінің тәжірибесінен пайда болды. Сондықтан да халықтың ұлттық, діни, мәдени этикеттерінің ерекшеліктерін зерттеп, зерделеу арқылы белгілі бір этностың тарихын, рухани белгілерін тани отырып, табиғат пен адам арасындағы қатынастың нормалары мен жағдаяттарын ұрпақтан-ұрпаққа таратып, халық дәстүрлі педагогикалық мәдениетке адамгершілік тәрбиенің қайталанбас бейнелерін жеткізген. Этикет әлеміне шақыруда әлеуметтік орта институттары арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде табиғатпен қатынас жүйесі қалыптасқан. Қалыптасқан жүйеде жанұя тәрбие берудің негізгі моделі орналасқан, орта саналған. Ал бұл моделдің негізі адамгершілік тәрбиеде жатыр. Дәстүрлі қазақ жанұясындағы адамгершілік тәрбие кодексін құрайтын халық педагогикасына, этикалық нормаларына бағытталған. Осылар халықтың моральды-этикалық және әлеуметтік ілімінің энциклопедиясын құрауыштары.

Қазақстандағы қоғамдық жағдайдың қазіргі күйі экономикалық және саяси реформалау нәтижесінде өзгерген өсер ұрпақтың әлеуметтік-мәдени өміріндегі шарттармен түсіндіріледі, ал мұндай күй жастар мәдениетіне, оқыту барысындағы интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетінің қалыптасуына алаңдаушылық тудырады. Қоғам дамуындағы ескі дәстүрлер мен жаңа тенденциялардың ұштасуы барысында аса үлкен назарды аудартатын маңызды мәселелер: ұрпақты халық даналығына негіздей отырып, рухани-танымдық жетілдіру көлеңкеде қалғандай болды.

Оқу және тәрбие – қазіргі мектептің тұтас оқу үрдісі. Мұны тағылым жылдардың өзінде әл-Фараби айқын жеткізген: «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы». Ал талантты педагог және философ В.Белинский «Тәрбие – ұлы іс, онымен адам тағдыры шешіледі», - деп дәл айтқан. Бұл жерде ескере кететіні, әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тәрбие – бұл жеке тұлғаның әлеуметті бірлескен, мақсатты бағытталған түрде адамзаттың мәдени әлемін игеруі және оны қайта қалыптастыруы.

Қазіргі таңда білім беру саласында жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ұлттық салт-дәстүрлер мен этномәдени бағытты қолдануға үлкен басымдық қойылып отыр. Жалпы адами құндылықтарды игеру сол немесе басқа халықтың ұлттық-мәдени дәстүріне тән тәрбиенің арнайы әдістері арқылы жүзеге асады. Сондықтан, қазіргі замандағы тәрбиенің басты тапсырмасы – жеке тұлғаны:

- Ұлттық салт-дәстүрді ескере отырып, рухани-адамгершілік, этикалық нормалар негізінде дамыту;
- Тұлғаның дүниетанымдылық деңгейін қалыптастыру;
- Ұлттық мәдени байлығымызды танып-білуге тәрбиелеу. Өз Отанының және халқының мәдени мұраларын игерту болып табылады.

Әр адам дүние есігін ашқанда белгілі бір этномәдениетке бағынышты болады. Ол оны өз бойына ана сүтімен, бесік жырымен, ертегілермен, үлкен кісілер айтқандай этикалық өмір сабақтарымен дарытады. Ұлттық өзін-өзі дамыту, түсіну түсінігінің қалыптасуында халық даналығына сүйену зор мәнге ие, өйткені ұлттық мәдени құндылық жалпы адамзатқа ортақ. Жалпы мәдениетке жол таным арқылы, этникалық мәдениеттің прогрессивті элементтерін қолдану арқылы жатыр. Ал ұлттық мәдениеттің негізгі міндеті: жастардың бойындағы өз Отанына адал қызмет етуге деген күш-жігерлерінің тегеурінін қатайтып, тілегін талаптандыру. Қазіргі қоғамдық жағдайда жастардың рухани, адамгершілік бағыттардан кері кетуін тоқтатудың жолы - жалпы тәрбие беру жүйесінің негізі болып табылатын ұлттық нақыштағы тәрбие деп білеміз.

Салауатты қоғам мен мықты мемлекеттің негізін қалау тек өз Отанының патриоты бола алатын адамның ғана қолынан келеді. Бүгінде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің алдына жаңадан басты міндеттер қойылған. Олар: өз Отанын сүйетін, жоғары рухани құндылықтарға ие, интеллектуалдық жетілген, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын кәсіпқой мамандарды даярлау. Білім беру жүйесі адамдарды тек қана оқытып, білімді үйретіп қана қоймай, оның қоршаған әлеуметтік ортаға, мәдениетке, географиялық жағдайға деген көзқарасын қалыптастыруы тиіс. Сонымен қатар еңбек пен өндірістің аумалы- төкпелі жағдайына төтеп бере алатын, қарым-қатынас жасауға икемді және ұшқұр ойлы тұлға болуына әсер етуі қажет.

Білім мен тәрбие беру – бұл тұлғаны дамыту мен қалыптастырудың ажырамас үрдісі. Ежелгі данышпандар мен философтардың өзі «Адами қасиеттерді игермей тұрып, адам болу мүмкін емес» деп айтып кеткен болатын.

Қазіргі кезде Қазақстан жастарына тәрбие берудегі ең маңызды мәселе - нақты стратегияның болмауы. Мемлекеттің саясаты тәрбие беру саласының мақсаты мен міндетін анықтап, оны шешудің стратегиялық жолдарын қарастыруы қажет. Атап айтқанда, заңдарды жетілдіру, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, қаражат қорын бөлу, әлеуметтік маңызы бар тәрбиелік бағыттағы жобаларды қолдау және бақылау тетіктерін анықтау, т.б.

Бүгінгі таңда ұлттық білім беру моделін дамытудың стратегиялық бағыттары ретінде ұлттық нақыштағы оқыту мен тәрбие беру құндылықтарының философиялық мәселелерін атап айтуға болады.

Осылайша, олардың нақты мақсаты мен міндетін айқындау, тұлғаның өзін-өзі тануын қамтамасыз ету мақсатындағы тәрбие кеңістігін модельдеу немесе өзін-өзі танытуда жағдай жасау Қазақстанның білім беру жүйесіндегі саясатының негізін құрайды. Бұдан шығатын қорытынды: осы жүйеде тұлғаны қалыптастырудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері, бағыттары анықталуы тиіс. Аталмыш бағыттар Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында да орын алған.

Стратегия мақсаты – білім беру жүйесінде тұлға қалыптастыруда ғылыми негізделген, мәдени, әдістемелік, ұйымдастырушылық, кадрлық, ақпараттық және басқа да жағдайларды қамтамасыз ету; тұлғаның әлеуметтік және мәдени құзыреттілігін дамытуға, қоғамдағы өз орнын анықтауға, адамның гуманист, патриот, кәсіби-маман ретінде қалыптасуына итермелейтін қызметтерді реттеу.

#### **Стратегия міндеттері төмендегідей тізбектеледі:**

1. Сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу.

2. Білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету;

3. Педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту.

4. Мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту;

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту;

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету.

7. 12-жылдық оқыту моделіне көшуді білім беру мазмұнын жаңғыртумен қоса жүзеге асыру.

8. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

9. Ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби дайындалған және бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан маманды тәрбиелеу.

10. Қоғамды жаңғырту үрдісіне толыққанды қатысуға қабілетті этикалық және іскери қатынаста өзін таныта алатын тұлғаны қалыптастыру және ұлттық негізде өзіндік сана-сезімді ұялатар тәрбие беру.

11. Ұлтаралық және этникааралық қатынастар мәдениетін көтеру;

12. Үнемі жаңашылдықпен толықтырылып отыратын саяси және әлеуметтік-экономикалық ортада өзекті әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде өзіндік ұстанымы берік, ғылыми негізі қаланған, бастамашыл, шығармашыл тұлғаның қалыптасуына ыңғайлы және тиімді жағдай туғызу;

13. Адам денсаулығының негізі қалыптасу уақытының жастық шақ екенін ескере отырып, дене шынықтырумен айналысуға талаптандыратын тұрақты ынта-жігер қатарын қалыптастыру;

14. Тәрбие мәселесіне байланысты БАҚ-тың жұмыс деңгейін жетілдіру.

Білім беру жүйесіндегі тәрбие үрдісі - адами, азаматтық және кәсіби тұлғаны қалыптастыру үрдісінде жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, оқушының рухани дамуына жағдай жасау мақсатына бағытталған қызмет.

Адамдар әрекеті мен қылықтарында байқалатын ерекшеліктердің қалыптасуы тәрбиеге келіп тірелетіні сөзсіз, олай болса, келешек өмірінде әсері тиетін бұл қасиеттерді дамытуды рухани дүниесі енді баиитын бала кезінде қолға алуымыз тиіс.

Тәрбиенің ұйымдастырушылық нысандары төмендегі принциптерге сүйене отырып, жасалады:

- Табиғи талғамдылығы – табиғат пен әлеуметтік-мәдени үрдістердің өзара қатынасының ғылыми түсініктілігіне негізделген;

- Гуманистік көзқарасы – педагогтың өз шәкіртін жауапты субъект ретінде қабылдап, әрекет етуі;

- Мәдени талғамдылығы - жалпы адамзаттық құндылықтарға қарсы келмейтін, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу.

Тұлғаны қалыптастыру мақсатын жүзеге асыру үшін оқу орнында жүргізілетін тәрбие жұмысында төмендегідей бағыттарға басымдық беру қажет:

- Оқу-тәрбие үрдісі толық қамтитын, тәрбие жұмысын қалыптастыру;

- Ұлттық рух, отансүйгіштік, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілік қасиеттерін дарытар кешенді шаралардың ұйымдастырылуы мен сапалы өткізілуі;

- Жастарды өнерге баулу (шығармашылық үйірмелер жұмысы: ұлттық аспаптар, жас ақындар, драма, би клубтары);

- Мемлекеттік тілдің қызмет ету аумағын кеңейту;

- Елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің мәдениетіне, салт-дәстүріне, дініне деген құрмет сезімін ояту;

- Жаңа әдіс-тәсілдер жасау мақсатында жастардың қызығушылығын ескере отырып, әлеуметтік, психологиялық, мәдени ерекшеліктерді оқыту;

- Жастар қоғамдық бірлестік қызметін бағыттау және өзін-өзі басқаруға жағдай жасау;

- Жастардың рухани және мәдени қажеттілігін қанағаттандыратын түрлі демалыс жұмыстарын ұйымдастыру (фестиваль, конкурс, кездесу, театр-мұражайларға бару, т.б.)

- Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізу.

Жастар – ел болашағы, оның интеллектуалды және шығармашыл әлеуеті. Олай болса, білім беру жүйесінің де басты міндеті – жалпы адамзаттық маңызы бар, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді бойына сіңірген, өз болашағын ел болашағымен ұштастырған, жан-жақты кәсіби-маман дайындау болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметов Ш. Народные традиции воспитания детей у казахов в кн. Свидетель древней культуры. Алматы, 1996.
2. Абсаттаров Р. Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. «Ғылым», Алматы, 1995.
3. Абылкасымов Б. Телқоңыр (Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты гұрыптық фольклоры). Жауапты редакторы Қасқабасов С.А. –Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993.
4. Әлімбеков М. Халық – газжап тәлімгер. «Рауан», 1994 жыл, 666 мақал-мәтел. Алматы, ҚМКӘБ, 1991.
5. Билинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. Алматы, ҚМБМ.
6. Ержанов М. Педагогические основы эстетического воспитания молодежи. главы учебн. Педагогика досугового изотворчества. Учебное пособие для институтов культуры. Алматы, ШПИК 1993.
7. Ержанов М. Теоретические основы развития этнокультурного образования (Монография). Москва, МГУК, 1999.
8. Ержанов М. Народно-традиционное воспитание студентов вуза культуры. Уральск, ЗКИИ, 1994.
9. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, «Атамұра», 1999.
10. Қалмұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, «Білім», 2003.
11. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

\*\*\*

*В этой статье четко определены преемственные связи обучения и воспитания на основе народной педагогики. Воспитание молодежи является одним из ответственных периодов в педагогической деятельности профессорско-преподавательского состава. Приведенные автором методы и приемы воспитания на основе народной педагогики являются наглядным примером по совершенствованию воспитательного процесса.*

\*\*\*

*In this article continuity of training and education on the basis of national pedagogics are accurately defined. Youth education is one of the responsible periods in pedagogical activity of the faculty staff. The methods resulted by the author and receptions of education on the basis of national pedagogics are a bright example on perfection of educational process.*

ӘОЖ 374.7: 37.018

**Сүлейменов М.Қ.**

магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

**ОТБАСЫЛЫҚ МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫН  
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі кезде тынығуды әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғалымдардың назарын аударып отыр. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасында да жаңаша көзқарас пен түйсіктің қалыптасуын қамтамасыз етуде. Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «Бүгінгі күн тәртібінде елімізде іске асырылып отырған жанарулардың мазмұнына сәйкес Қазақстанда жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр» деп атап көрсенкені мәлім. Осыған сәйкес тұлғаның санасында адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыруда маңызды орын алатын жайт: олардың мәдени тынығуын тиімді пайдалану болып табылады. Мектеп жасына